

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Павлодар облысы

№920240000573/260198/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі, ереже негізінде әрекет ететін Басшысы Алшимбаева Маржан Кадыровна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП Серикова, Основание поставщика негізінде әрекет ететін Басшысы Серикова Айжурек Сериковна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2026-04-21» жыл № 16834132-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 067-015-414 ;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 430 700.00 (төрт жүз отыз мың жеті жүз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Шарт

067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 414 Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша - 430 700.00 (төрт жүз отыз мың жеті жүз тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2026 жылы қаражаттар есебінен каржыландырылады.

2.3 Шарт күшіне енгеннен кейін Тапсырыс беруші Шартқа 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, Тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған



шарт сомасының 50 (елу) пайыз мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді.

Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, тауарларды жеткізу үшін толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 21 535.00 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ 88 524.13 теңгеге тең Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізуге бұл жалпы 110 059.13 ((жүз он мың елу тоғыз тенге он үш тиын)) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 584-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамауының негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды



қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қою белгіленсе, онда "Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36717 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады. Егер шетелдік тауар шығарылған болса, онда тауарды әкететін ел (одақ) біржақты тәртіппен белгілеген қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдердің (шарттардың) және (немесе) "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) талаптарына сәйкес әкелу елінің уәкілетті органы (ұйымы) берген тауардың шығу тегі туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі ұсынылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып тастау белгіленген бағдарламалық қамтылым санатына жатқызылған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қолданылмайды.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3 тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне, авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының

(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыздан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2026-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;



2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

- 1) Мердігер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;
- 2) Мердігер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;
- 3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;
- 4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;
- 5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;
- 6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;
- 7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;
- 8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;
- 9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.



күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын орындауға міндеттенеді. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13 Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі. Бұл ретте, егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарды шетелдік шығарылған тауарлармен ауыстыруға жол берілмейді.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
Павлодар облысы білім беру
басқармасының "Железин ауданының
білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі
Павлодарская область, Железинский
район, с.Железинка, Квиткова, 7
БСН 920240000573
БСК ККМФКZ2А
ЖСК KZ10070102KSN4501000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 87183121464 гос закуп,
87183121533 бухгалтерия
Басшысы Алшимбаева Маржан
Кадыровна

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан кезде
қаражат алушы):
ИП Серикова
Мангистауская область, Тупкараганский
район, с.Акшукур, микрорайон Коктем, д.
1
БСН/ЖСН 920419400026
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ34601A231002039181
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: +7 (701) 211 82 50
Басшысы Серикова Айжурек Сериковна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 16834132-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
067-015-414 : Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мұқкамал құралдарын сатып алу												



86463101-ЗЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Электрокардиограф	3-арналы, кіріктірілген термопринтер	<p>Электрокардиограмма сенсоры. ЭКГ сенсоры биологиялық беттердегі электрлік потенциалдың өзгеру құбылыстарын зерттеуге және электрокардиографиямен байланысты эксперименттер жүргізуге арналған. Ол адамның электрокардиограммасын өлшеу, әртүрлі күйлердегі электрокардиограмманы салыстыру, өкпенің желдетілуі мен жүрек соғу жиілігі арасындағы байланысты зерттеу және денсаулыққа байланысты зерттеулер жүргізу үшін қолданылады. Құрылғы Android және Windows операциялық жүйелерімен үйлесімді болуы керек. Сенсорда деректердің ыңғайлы көрсетілуін қамтамасыз ететін кіріктірілген толық түсті 1,8 дюймдік TFT дисплейі бар. Құрылғының корпусы беріктік пен беріктікке кепілдік беретін ABS пластиктен бір рет құрастыру әдісімен жасалуы керек. Электрлік потенциалды өлшеу диапазоны -5 мВ — тан 5 мВ-қа дейін болуы керек, шамамен 0,01 мВ қадаммен, ал жүрек соғу жиілігі 0 bpm-ден 250 bpm-ге дейін болуы керек</p>	Дана	1	68 500.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	68 500.00
---------------	---	-------------------	--------------------------------------	---	------	---	-----------	--	--	--	---	-----------



86462547-3ЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қысым қадағасы	деңгей өлшеуіш үшін	Оттегі деңгейінің сенсоры.Оттегі сенсоры газдардағы оттегінің құрамына қатысты эксперименттік зерттеулерге арналған. Ол ауадағы оттегінің мөлшерін өлшеу, өсімдіктердің фотосинтез процестерін зерттеу, оттегінің биологиялық қажеттілігін зерттеу, сутегі асқын тотығының катализденетін ыдырауы және басқа да ғылыми міндеттер үшін пайдаланылуы керек. Құрылғы Android және Windows операциялық жүйелерімен үйлесімді болуы керек. Сенсорда 1,8 дюймдік TFT толық түсті дисплей бар, ол деректерді ыңғайлы көрсетуге мүмкіндік береді. Құрылғының корпусы беріктік пен беріктікке кепілдік беретін бір рет құрастыру арқылы ABS пластиктен жасалуы керек. Қуат сыйымдылығы кемінде 1200 мАч болатын кіріктірілген литий-ионды батареядан алынады. Өлшеу диапазоны 0,1% бөлу қадамымен 0% - дан 100% - ға дейін болуы керек, бұл нәтижелердің жоғары дәлдігін қамтамасыз етеді. Құрылғының жалпы өлшемдері	Дана	1	18 500.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	18 500.00
---------------	---	----------------	---------------------	--	------	---	-----------	--	--	--	---	-----------



86461756-3ЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қысым қадағасы	динамометр үшін	Газ қысымының сенсоры. Қысым сенсоры газ қысымын зерттеуге байланысты эксперименттер жүргізуге арналған. Ол Бойль заңын тексеру, жергілікті атмосфералық қысымды өлшеу, қайнау температурасы мен қысым арасындағы байланысты зерттеу, транспирацияға әсер ететін факторларды зерттеу және газ қысымына қатысты басқа да тапсырмаларды орындау үшін қолданылады. Құрылғы Android және Windows операциялық жүйелерімен үйлесімді болуы керек. Сенсорда деректерді көрсету үшін кіріктірілген толық түсті, шамамен 1,8 дюймдік TFT дисплейі бар. Құрылғының корпусы беріктік пен беріктікті қамтамасыз ететін ABS пластиктен бір реттік толық құрастыру әдісімен жасалуы керек. Қуат сыйымдылығы шамамен 1200 мАч болатын кіріктірілген литий-ионды батареядан алынады. Өлшеу диапазоны 0,01 кРа бөлу қадамымен 0-ден 700 кРа-ға дейін болуы керек, бұл нәтижелердің жоғары дәлдігін қамтамасыз етеді. Құрылғының жалпы өлшемдері	Дана	1	33 500.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	33 500.00
---------------	---	----------------	-----------------	--	------	---	--------------	--	--	--	---	--------------



86462411-ЗЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Температура қадағасы	технологиялық	Температура сенсоры. Температура сенсоры Температураны өлшеуге байланысты эксперименттер жүргізуге арналған және жылу өткізгіштік құбылысын зерттеуге, температураның үйкеліс жұмысына тәуелділігін зерттеуге, сұйықтықтың булануы мен температура арасындағы байланысты зерттеуге және судың қайнау құбылысын зерттеуге арналған. Деректерді беру Bluetooth және Type-C кабелі арқылы жүзеге асырылады және құрылғы Android және Windows операциялық жүйелерімен үйлесімді. Сенсор өлшенген деректерді көрнекі түрде көрсету үшін кіріктірілген толық түсті 1,8 дюймдік TFT дисплеймен жабдықталған. Корпус ABS пластиктен жасалған, оның беріктігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін бір реттік құрастыру әдісі. Құрылғы кіріктірілген 1200 мАч литий-ионды аккумулятормен жұмыс істейді. Өлшеу диапазоны -40°C - ден 125°C - ге дейін, ажыратымдылығы 0,01°C, бұл жоғары дәлдіктегі зерттеулерге мүмкіндік береді. Температуралық зондтың металл бөлігі 304 маркалы тот баспайтын болаттан жасалған, ұзындығы 140 мм-ден асады (қоса алғанда	Дана	1	23 500.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	23 500.00
---------------	---	----------------------	---------------	--	------	---	--------------	--	--	--	---	--------------



86462720-3ЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қысым қадағасы	деңгей өлшеуіш үшін	Көмірқышқыл газы деңгейінің сенсоры .Барлық сипаттамалар кем дегенде болуы керек: көмірқышқыл газының сенсоры көмірқышқыл газының концентрациясына қатысты эксперименттік зерттеулерге арналған. Ол шам жанған кезде көмірқышқыл газының концентрациясының өзгеруін, бөлмедегі көмірқышқыл газының құрамын, адамның дем шығаруын өлшеу және өсімдік фотосинтезі мен ашытқылардың жасушалық тыныс алу процестерін зерттеу үшін қолданылуы керек. Құрылғы Android және Windows операциялық жүйелерімен үйлесімді болуы керек. Сенсор 1,8 дюймдік TFT толық түсті дисплеймен жабдықталған, бұл нақты уақыттағы деректерді ыңғайлы көрсетуге мүмкіндік береді. Құрылғының корпусы оның беріктігі мен беріктігіне кепілдік беретін ABS пластиктен бір рет құрастыру әдісімен жасалуы керек.Қуат сыйымдылығы кемінде 1200 мАч болатын кіріктірілген литий-ионды батареядан алынады. Өлшеу диапазоны 0 ppm ден 100000 ppm ге дейін болуы керек	Дана	1	24 000.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	24 000.00
---------------	---	----------------	---------------------	---	------	---	-----------	--	--	--	---	-----------



86459793-ЗЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Кресло	кеңселік, металл қаңқа, матадан қаптама, реттелетін	Оқытушының креслосы. Биіктігі бойынша реттелетін кем дегенде 5 доңғалақты орындық түс-Тапсырыс берушінің келісімі бойынша. Орындықтың биіктігі максималды жайлылықты қамтамасыз ету үшін реттелуі керек. Дөңгелектер жұмсақ еденге арналған. Префикс материалы-ЛДСП - кемінде 16 мм, ПВХ жақтауы кемінде 1 мм. биология кабинеті	Дана	1	33 500.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	33 500.00
---------------	---	--------	---	--	------	---	-----------	--	--	--	---	-----------



86456572-3ЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Тақтай	маркерлік	ГОСТ 20064-2024.1.Аралас бес элементті маркер және Бор тақтасы .Үш жармалы, бес элементті. Ашық күйінде тақтаның өлшемдері ≥1000мм x 3000мм. бүйірлік жапқыштардың өлшемі ≥1000мм x 745мм, орталық - >900мм x 1400мм. жапқыштар арасындағы қашықтық 5мм. жабық күйінде тақтаның өлшемдері кемінде 1000мм x 1500мм. үш жапырақ Борлы. Екі бүйірлік қақпақтың артқы жағы маркер үшін. Бордың жұмыс беті қою жасыл түске ие, ал маркер беті ақ түсті. Тақтаның негізгі бөлігі - бір жақты бор, артқы жұмыс істемейтін Беті-мырышталған. Тақталардың айналмалы элементтері екі жақты, бір жағынан бор, екінші жағынан маркер. Тақтаның кенептері қаңылтырдың екі қабатынан тұрады, қалайы қабаттарының арасында толтырғыш бар (қос гофрленген картон немесе ұқсас материал). Қаптау парағының Болат негізі көрнекі оқулықтарды магниттердің көмегімен тақтаның бетіне бекітуге мүмкіндік береді. Тақтаның қалыңдығы 10-10, 5 мм аралығында.Биология кабинеті	Дана	1	27 800.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Квиткова,11 (1)	0	27 800.00
---------------	---	--------	-----------	--	------	---	--------------	---	---	---	---	--------------



86457589-3ЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Манипулятор "тышқан"	оптикалық, сымсыз	Сымсыз компьютер тінтуірі.Барлық сипаттамалар кем дегенде болуы керек: сымсыз тінтуір кіріктірілген жасанды интеллектпен болуы керек кем дегенде екі сымсыз байланыс түрін (2.4 GHz және Bluetooth) қолдауы керек және 1000 DPI-ден 4800 DPI-ге дейінгі ажыратымдылықты қамтамасыз етуі керек. Құрылғының жұмыс тогы 20 мА аспауы керек, толық зарядтау уақыты 2 сағаттан аспауы керек, ал кернеу мен қуат тогы DC 5V және 1A аспауы керек. қосылу үшін тінтуір Type - C интерфейсімен немесе одан да заманауи, сымсыз сигнал беру қашықтығы кемінде 10 метр болуы керек. Құрылғы Windows 7/8/10/11 және Mac OS 10.10 немесе одан да көп амалдық жүйелермен үйлесімді болуы керек. Тінтуірмен бірге мәтінді аударуға және пайдаланушының сұрауларына жауап беруге қабілетті ai дыбыстық көмекшісі болуы керек. Көмекшінің функционалдығы Windows және iOS жүйелерінде жұмыс істейтін компьютерлермен және моноблоктармен үйлесімді қосымша арқылы қол жетімді болуы керек, бұл күнделікті өмірге оңай интеграциялануға мүмкіндік береді.Биология кабинеті	Дана	1	23 500.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	23 500.00
---------------	---	----------------------	-------------------	---	------	---	-----------	--	--	--	---	-----------



86463589-3ЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қысым қадағасы	динамометр үшін	Сенсор колориметр.Түс сенсоры боялған ерітінділердің концентрациясын калибрлеуге және түсінің немесе мөлдірлігінің өзгеруімен бірге жүретін химиялық реакциялардың жылдамдығын өлшеуге арналған. Ол боялған ерітінділердің химиялық реакциясының жылдамдығын зерттеу, өнімдердегі С витаминінің құрамын анықтау, жасушалардың суды сіңіруі мен судың жоғалуын зерттеу, бер заңын тексеру және заттардың оптикалық қасиеттеріне қатысты басқа да тапсырмалар бойынша эксперименттерде қолданылады. Деректерді беру Bluetooth және Type-C кабелі арқылы жүзеге асырылады және құрылғы Android және Windows операциялық жүйелерімен үйлесімді. Колориметрде 1,3 дюймдік кірістірілген OLED дисплейі бар, ол нәтижелердің нақты көрсетілуін қамтамасыз етеді. Құрылғының корпусы оның беріктігі мен беріктігін қамтамасыз ететін бір рет құрастыру әдісімен ABS-пластиктен жасалған. Өлшеу диапазоны 0% - дан 100% - ға дейін, 0,1% қадаммен. Жұтылу коэффициентінің Шығыс режимі түзу, ал кіріктірілген жарық көздеріне жасыл, сары, қызғылт сары және т. б.	Дана	1	43 600.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	43 600.00
---------------	---	----------------	-----------------	---	------	---	-----------	--	--	--	---	-----------



86462274-3ЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қаттылықты өлшейтін аспап сездіргісі	өлшегіш	Жүрек соғу сенсоры. Жүрек соғу жиілігі (жүрек соғу жиілігі) сенсоры жүрек соғу жиілігін бақылауға және өзгертуге байланысты эксперименттік зерттеулер жүргізуге арналған. Ол жаттығуға дейін және одан кейінгі жүрек соғу жиілігінің өзгеруін өлшеу, денсаулық пен жүрек соғу жиілігін зерттеу, әртүрлі оқушылардың жүрек соғу жиілігін салыстыру, желдету мен жүрек соғу жиілігі арасындағы байланысты зерттеу және басқа эксперименттер үшін пайдаланылуы керек. Құрылғы Android және Windows операциялық жүйелерімен үйлесімді болуы керек. Сенсор нақты уақыт режимінде деректерді оңай көрсету үшін кіріктірілген толық түсті 1,8 дюймдік TFT дисплейімен жабдықталған. Құрылғының корпусы беріктік пен беріктікке кепілдік беретін бір реттік құрастыру әдісімен ABS пластиктен жасалуы керек. Сенсор кіріктірілген кем дегенде 1200 мАч литий-ионды батареямен жұмыс істейді. Жүрек жиілігін өлшеу диапазоны	Дана	1	23 500.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	23 500.00
---------------	---	--------------------------------------	---------	---	------	---	--------------	--	--	--	---	--------------



86468486-ЗЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бдыс-аяқтар жинағы	зертханалық	Демонстрациялық тәжірибелер мен зертханалық жұмыстарға арналған ыдыс - аяқ пен керек-жарақтар жиынтығы-1 дана.барлық сипаттамалар кем болмауы керек: демонстрациялық жұмыстарға арналған химиялық ыдыс-аяқ пен биология керек-жарақтары жиынтығы білім беру мекемелерінде эксперименттер мен демонстрациялар өткізуге арналған. Жинаққа пробиркалар, көлемді өлшеуіш цилиндр, әртүрлі көлемдегі зертханалық стакандар, колбалар, шыны таяқшалар кіреді. Бдыс-аяқ ыстыққа төзімді, химиялық әсерге төзімді шыныдан жасалған, бұл сенімділік пен беріктікті қамтамасыз етеді. Жинақ биологиялық және химиялық процестерді зерттеу үшін қажет нәрсенің бәрін қамтамасыз ететін демонстрациялық эксперименттер мен практикалық сабақтарды орындауға өте ыңғайлы. Биология кабинеті	Жиынтық	1	56 300.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	56 300.00
---------------	---	--------------------	-------------	--	---------	---	--------------	--	--	--	---	--------------



86468532-3ЦП1	Павлодар облысы білім беру басқармасының "Железин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Құрал-саймандар жинағы	ветеринарлық, анатомиялық	Адамның денесі-1 дана. барлық сипаттамалар кем дегенде болуы керек: торсық моделі биіктігі 84 см-ден жоғары болуы керек, беріктігі мен ұзақ қызмет ету мерзімін қамтамасыз ететін материалдардан, мысалы, поливинилхлоридтен (ПВХ) жасалған және тұрақты пластикалық тірекке бекітілуі керек. Модельдің беті боялған болуы керек. Дизайн жиналмалы болуы керек, ал ұсынылған органдар жүйесі демонстрациялық сабақтар кезінде зерттеуге толық қол жетімді болуы керек. Модель кем дегенде бірнеше жиналмалы элементтерден тұруы керек, соның ішінде дененің негізгі бөліктері (мысалы, торсық, кеуде), бас (екі бөліктен тұратын), сондай-ақ өкпе, жүрек, өт қабы бар бауыр, бүйрек, асқазан және ішек сияқты ішкі органдар. Модельді қолдану адам денесінің негізгі бөліктерін атауға және олардың функцияларын анықтауға, ішкі органдардың орналасуы мен функцияларын анықтауға мүмкіндік беруі керек. Осылайша, модель анаттың көрнекі, жиналмалы және ақпараттық көрінісін қамтамасыз етуі керек	Дана	1	54 500.00	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Тапсырыс беруші өтінімді жіберген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.	Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка а. Ул Квиткова 11 (1)	0	54 500.00
---------------	---	------------------------	---------------------------	--	------	---	--------------	--	--	--	---	--------------



Договор о государственных закупках товаров

Павлодарская область

№920240000573/260198/00

Государственное учреждение "Отдел образования Железинского района" управления образования Павлодарской области, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Алшимбаева Маржан Кадыровна, действующий на основании положения, с одной стороны и ИП Серикова, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Серикова Айжурек Сериковна, действующий на основании Основание поставщика, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2026-04-21 года № 16834132-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 067-015-414 ;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется приложением 1 к Договору и составляет 430 700.00 (четыреста тридцать тысяч семьсот тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

2.2 Договор финансируется за счет средств, предусмотренных по бюджетной программе 067 Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций, по подпрограмме 015 За счет средств местного бюджета, по специфике 414 Приобретение машин, оборудования, инструментов, производственного и хозяйственного инвентаря - на 2026 год 430 700.00 (четыреста тридцать тысяч семьсот тенге ноль тиын) без учета НДС.

2.3 Заказчик после вступления Договора в силу, производит авансовый платеж в размере согласно приложению 1 к Договору после внесения Поставщиком обеспечения исполнения Договора, обеспечения аванса и (или) суммы в соответствии со статьей 13 Закона. Оставшаяся сумма оплачивается Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи товаров, с учетом пропорционального удержания ранее оплаченного аванса. В случае, если Поставщик находится в реестре казахстанских товаропроизводителей, Заказчик



